

"Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 15-05/873 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 370 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 18 қазанда № 19485 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 291 бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.09.2020 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 15-05/873 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12233 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кенсесі портал арқылы келіп түсken, көрсетіletіn қыzmettі alushy ұsyнғan мемлекеттіk көrsetіletіn қыzmettі alufa arnalғan өtіnіmdі tіrkейdі jәne jaupatы orыndaushyны (bұdan әri – orыndaushy) aйқыndaу үshіn kөrsetіletіn қыzmettі berushі basshыlyғыnyң (bұdan әri – basshыlyқ) қaraуyna құjattar kеліp tүsken sэтten bastap 30 (otyz) minut iшіnde beredі;

2) basshыlyқ 60 (alpyс) minut iшіnde өtіnіm mazmұnysmen tanysadys jәne kaar қоя otypyп orыndaushyغا beredі;

3) орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қарайды, көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық жай-күйін белгілеу үшін, қажет болған жағдайда, ұлгілерді ала отырып, карантинге жатқызылған өнімді жете тексеруге барады, карантинге жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкету жағдайында ұлгілерді алады және фитосанитариялық сараптамаға жібереді, Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін немесе уәжді бас тарруды көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде дайындайды;

орындаушы көрсетілген мерзімдерде:

жете тексеру негізінде карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдейді, ал карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі негізінде карантиндік сертификатты ресімдейді;

каранtinge жатқызылған өнімді карантиндік аймақтардан әкету жағдайында, карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық сараптамасы мен карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі негізінде карантиндік сертификатты ресімдейді;

ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы расталған, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, карантиндік сертификатты ресімдейді;

уәжді бас тартқан жағдайда, 1 (бір) сағат ішінде дайындалған хатты танысу және қол қою үшін басшылыққа жолдайды;

4) басшылық 1 (бір) сағат ішінде құжаттың мазмұнымен танысады және уәжді бас тартуга қол қойып, орындаушыға береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі 30 (отыз) минут ішінде электрондық құжат нысанында дайындалған карантиндік сертификатты немесе уәжді бас тарруды тіркейді және оны көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы жолдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің ҚФБ-сы арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі портал арқылы келіп түскен, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға арналған өтінімді тіркейді және орындаушыны айқындау үшін басшылықтың қарауына құжаттар келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде береді;

2) басшылық 60 (алпыс) минут ішінде өтінім мазмұнымен танысады және қарап қоя отырып, орындаушыға береді;

3) орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығын қарайды;

ұсынылған құжаттардың толықтығы мен дұрыстығы расталған, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда карантиндік сертификатты ресімдейді;

уәжді бас тартқан жағдайда, 1 (бір) сағат ішінде дайындаған хатты танысу және қол қою үшін басшылыққа жолдайды;

4) басшылық 1 (бір) сағат ішінде құжаттың мазмұнымен танысады және уәжді бас тартуға қол қойып, орындаушыға береді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі 30 (отыз) минут ішінде электрондық құжат нысанында дайындалған карантиндік сертификатты немесе уәжді бас тартуды тіркейді және оны көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы жолдайды.".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

C. Омаров